



## ҚАРАМА

«KUTEL» халықаралық жобасын іске асырудың маңызды кезеңі келді - басты мақсат мүдделі тұлғаларды оқу және қолданбалы материалдармен қамтамасыз ету. Барлық мүдделі тараптарға оқу материалдарын ұсыну тәртібі жоба серіктестерінің келесі әрекеттерінен тұрды:



- командалар «KUTEL introductory Course module» оқу курсының дәріс материалдарын, бақылау және тест сұрақтарын және таныстырылым үшін дайындалған ілеспе слайдтарды әзірлеуді аяқтады;
- барлық оқу курсы жобаның талаптарына сәйкес және барлық оқу материалдарын үш тілде ұсыну қажеттілігіне сәйкес ағылшын,

казак және орыс тілдеріне аударылды;

- оқу курсы модульдерінің сыртқы және ішкі сараптамалары жасалды;

серіктестер – Қазақстандық университеттер еуропалық серіктестер жасаған оқу курсының 1, 2 және 3 модульдерінің материалдарын казак және орыс тілдеріне аударды.

Оқу курсы жазуға арналған ақпараттық платформаны әр түрлі дайындық деңгейіндегі қазақстандық серіктестер жүзеге асырады, мысалы ХАТУ (Алматы), КУАМ (Көкшетау), Байқоңыров атындағы ЖезМУ салтанатты жағдайда «KUTEL» зертханасын ашты, басқа серіктес университеттер жабдық сатып алуды жалғастыруда.


Қазақстанның жоғары оқу орындары стейкхолдерлер туралы ақпараттық кестені толтырады, олардың саны әр түрлі. Тізім университеттің білім беру қызметтерінің сапасын бағалауға қатысатын мүдделі тұлғалардың, кәсіби қауымдастық мүшелерінің қосылуына қарай толықтырылады.



## КЕЛЕГІ ҚАДАМ

Екінші жұмыс жобасының көшбасшысы Бургас Еркін Университеті (Болгария) ұсынған кестеге сәйкес 2020 жылдың қазанынан бастап белгілі бір орындау кезеңі бар нақты оқыту іс-шараларын өткізу қажет.

Бірінші оқу кезеңі 2020 жылдың 19 қаза-



нынан 13 желтоқсанына дейін жоспарланған және үш модульден тұрады: «External QA – standards and guidelines», «IQA and Organizational Culture» «Quality Assurance of pedagogical aspects of TEL courses development».

Екінші жаттығу кезеңі 11.01.2021 ж. бастап 7 ақпанда аяқталады. Ол «Technological Aspects and Quality Assurance» және «TEL Quality Assessment and Evaluation» модульдерінен тұрады. Оқыту қорытынды шығарумен, алынған нәтижелерді талдай отырып және еуропалық білім беру сапасы сертификаттарын алумен аяқталады.

## БАЕТІЛІ ЖАВАПДА

Оқу материалдарын дайындау кезеңін аяқтағаннан кейін жобаға қатысушылар жоба жұмысында келесі фазасына кірісті – модульдерді әзірлеушілерді курс авторларының модульдерді тәжірибе түрінде ресімдеуге оқыту. 2020 ж. 14 және 15 сәуірде виртуалды режимде техникалық қолдауға жауапты команда өкілдерінің қатысуымен модульдерді әзірлеушілерді оқыту өтті.

Тренингті жобаның координаторлары және 2-серіктес Бургас Еркін Университеті, ZOOM платформасында (конференция) әзірленген материалды аудио, бейне сүйемелдеуді оқыту туралы, ұйымдастырды. Профессор Маттео Мартини (ГМУ - Италия) Adobe Presenter бағдарламасы бойынша техникалық қызметкерлер үшін онлайн тренинг өткізді, ол «KUTEL» жобасын жүзеге асыру бойынша білім алушылармен жұмыс істеуге қажетті. Қазір серіктес-ЖОО оқу курсы бойынша қолданбалы материалдарды дайындау бойынша белсенді жұмысқа кірісуде: дәрістік материалды аудио және бейне сүйемелдеуді құру, бақылау сұрақтары бойынша тапсырмаларды орындау және тестілеуден өту.

Төртінші ақпараттық хатқа жауаптылар:

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Қазақстан, Көкшетау, 020000, Абай к-сі.76.

Жобаның жергілікті үйлестірушісі Шаяхметова Айсұлу. Тел. 8 (716) 2 334599; электрондық мекенжайы: aisulu\_sh@mail.ru

Елдік үйлестіруші Закирова Гульнара. Тел.+7 727 3308566, 2049. Электрондық мекенжайы gulzak@mail.ru